

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2009 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі N 55-ө Өкімі

"Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын орындау үшін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2009 жылға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарға сәйкес тиімді ақпараттық жұмысты;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы туралы жиынтық ақпарат ұсынысын.

4. Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Премьер-Министрінің

2009

жылғы

10

сәуірдегі

N

55 - ө

өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2009 жылға арналған жоспары

Р/с N	Іс-шара	Өткізу орны*	Өткізу мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі іс-шаралар					

1.	"Францияда Қазақстанның экономикасы күндері"	Париж қаласы, Франция	2-тоқсан	ИСМ, СІМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), СӨП (келісім бойынша)	ИСМ
2.	"Қазақстан - Малайзия" бизнес-форумы	Куала-Лумпур қаласы, Малайзия	2-тоқсан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
3.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Цюрих қаласы, Швейцария	3-тоқсан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
4.	"Қазақстан - Сауд Арабиясы" бизнес-форумы	Джидда қаласы, Сауд Арабиясы	3-тоқсан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ

Қазақстан Республикасындағы іс-шаралар

5.	Қазақстан - румын бизнес-форумы	Астана қаласы	Мамыр	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
6.	Қазақстан - италия бизнес-форумы	Астана қаласы	Мамыр	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
7.	Қазақстан - испан бизнес-форумы	Астана қаласы	2-жарты жылдық	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
8.	Қазақстан - словак бизнес-форумы	Астана қаласы	Қыркүйек	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
9.	Қазақстан - тәжік бизнес-форумы	Астана қаласы	3-тоқсан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
10.	Қазақстан - герман бизнес-форумы	Астана қаласы	2-жарты жылдық	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ
11.	Қазақстан - бразилия бизнес-форумы	Астана қаласы	Жыл бойы	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	ИСМ

Е с к е р т п е :

* Инвестициялық іс-шаралар Мемлекет және Үкімет басшыларының шетелге сапары шеңберінде, ел басшылығының Қазақстан өңірлері бойынша сапарлары кезінде,

сондай-ақ шетел мемлекеттері басшыларының 2009 жылдың ішінде Қазақстанға сапарлары барысында өткізілуі мүмкін. Көрсетілген іс-шараларды өткізу мерзімі мен орны болжамды болып табылады, қазақстандық тараптың шетелдік ұйымдастырушылармен уағдаластығына байланысты өзгертілуі мүмкін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

"Самұрық-Қазына" ҰАҚ - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік

қ о ғ а м ы

СӨП - Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палатасы